

Мектепалды даярлық 0 сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Көсембай негізгі мектебі

Топ: Мектепалды даярлық 0 сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12 – 08.12. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.12 | Сейсенбі 05.12 | Сәрсенбі 06.12 | Бейсенбі 07.12 | Жұма 08.12 |
|---|--|--|---|--|---|
| <p>Балаларды қабылдау 13.30-13:40</p> | <p>Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.</p> | | | | |
| <p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p> | <p>Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p> | <p>Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс</p> | | | | |
| | <p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Сәйкестендіру ойыны: «Қысқы ойындарды атап, тап» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру, есту қабілетін, логикалық зейінді дамыту. Сөздікті белсендіру-сөйлеудегі антонимдерді бекіту. Құрал-жабдықтар: Қыс және қысқы ойындардың суреттері, қыстырғыштар. Ойынның барысы: Үстел үстінде суреттерді көрсете отырып, еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру. Балалар суреттерді тауып, қыстырғышпен қыстырып, сұрақтарға жауап береді, әңгіме құрастырады «Керісінше». Ойын шарты: Мұғалім</p> | <p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны: "Қыста не болады" Ойын шарты: "Жыл мезгілдері" үстел ойынын қолдана отырып өткізіледі. Балалар қыс мезгілін бейнелейтін үлкен картаға, жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай карточкаларға сәйкес келеді Ықтимал күрделендіру: Ой дамыту Ойынның нұсқаулары: Көрнекі зейіннің дамуы . Тақырып бойынша сөздікті белсендіру.</p> | <p>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын. Ойын: «Қандай белгі екенін тап?» Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. Ойын шарты: 1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. 2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.</p> | <p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мазайка үстел үсті ойындары: «Өрнекті кім тез анықтайды» Мақсаты: Оюудағы өрнектерді бөлу іскерлігін бекіту Құрал-жабдықтар: 12 нұсқалы бейне (20x10) киіз үй, сәукеле, шапан, камзол карточка түрінде 12 кесте жасалған. Өрбір карточкада шапан мен сәукеледе т.б. кездесетін ою құрылымдары, « жоғалып» кеткен өрнектер салынған. Әдістемелік нұсқау: Балалар кесте салынған ою-өрнектерді қарайды. Олардың аттарын атап, түсін сипаттайды, содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында</p> | <p>Мүсіндеу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Не болды, не бар?» Мақсаты: Балаларға күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар туралы білімдерін шындау. Әдістемелік нұсқаулар: Балалар жұпты қағаздарды таңдайды. 1. сыпырғыш – шаңсорғыш; 2. ине – тігін машинасы; 3. арба – көлік; 4. есепшот – компьютер; 5. шылапшын – кір жуғыш машина; 6. қайық – кеме; 7. пеш – газ плита; Ықтимал күрделендіру: Жаңылтпаштар, тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешу. Ойынның нұсқаулары: «Не істей аласың?» деген тақырыпта балалар сюжеттік</p> |

логикалық тұрғыдан дұрыс емес сөйлемді айтады, балалар оны жоққа шығарады. Мысалы, қар қара (жоқ, ақ), Аққала ыстық (жоқ, суық), жапырақтары бар ағаштар (жоқ, жалаңаш), күн жылынады (жоқ, жарқырайды), құстар ән айтады (жоқ, қатып қалады), аю орманда серуендейді (жоқ, Орда ұйықтайды).



3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Өрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.



жетіспей « жоғалып кеткен қрнектерді тауып, орындарына орналастырады. Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңілпс болады.

Ықтимал күрделендіру: Такпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді.

Ойынның нұсқаулары: Өрнектердің аттарын атап, түсін сипаттайды, содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында жетіспей «жоғалып кеткен қрнектерді тауып, орындарына орналастырады. Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңімпаз болады.



суретке карап, әңгіме құрап айтады.



Жаттығу

№21 гимнастика кешені
Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.
ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №21
Жиынтық жаттығулар
1. Б.қ.:өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып,

№22 гимнастика кешені
Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.
ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №22
Жиынтық сьлдырмақтармен жасалатын жалпы дамыту

№23 гимнастика кешені
Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.
ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №23
Жиынтық текшелермен жасалатын жалпы дамыту

№24 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.
ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №24
Жиынтық д оппен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары

№25 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.
ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №25
Жиынтық таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары

| | | | | |
|---|--|---|--|--|
| <p>шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.к.: өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.к.: аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалпына қайту (4 рет). 4. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).</p> | <p>жаттығулары 1. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар төмен түсірілген қолда. Қолды алға созып, сылдырмақтарды сылдырлатып, қолды төмен түсіру (5 рет). 2. Б.к.: аяқ иықпен бір қатарда, сылдырмақтар нық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, сылдырмақтарды тізеге тигізіп, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.к.: өкше түйістірілген, сылдырмақтар арқада. Отырып, сылдырмақты еденге қойып, түзелу, қолды арқадан алып, отыру, сылдырмақты алып, түзелу, сылдырмақты арқаға алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет). 4. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар нық тұсындағы екі қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен секіру (2 рет).</p> | <p>жаттығулары 1. Б.к.: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созу, бір-біріне соғу, төмен түсіру (5-6 рет). 2. Б.к.: текшелер арқаға ұсталған екі қолда. тыру, текшелерді алға қою, тұру, қолды арқадан алу; отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет). 3. Б.к.: тізерлеп тұру, текшелер нық тұсындағы қолда. Оңға (солға) бұрылу; текшелерді аяқтың ұшына қою, түзелу, қол белде; солға (оңға) бұрылу, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (3 рет). 4. Б.к.: аяқты түзу қойып, шалқасынан жату, текшелер бас жаққа созылған екі қолда. Аяқты тізеден бұғу, текшелерді тізеге тигізу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 5. Б.к.: аяқ бірге, текшелер еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып секіру (2 рет).</p> | <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Допты жоғары көтеру түйістіріп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, доп кеуде тұсына ұсталған екі қолда. Еңкею, допты жерге тигізіп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.к.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Отыру, доп бүгілген қолда, тұрып, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 4. Б.к.: тізерлеп немесе аяқтың ұшымен тұру, доп еденде. Допты өзінің айналасына, оңға, солға домалату (2-3 рет). 5. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, доп бүгілген қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, бір орында айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).</p> | <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жанынан жоғары көтеру, бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.к.: сондай, таспалар кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, таспаларды еденге тигізу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, таспалар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкею, таспаларды оңға-солға бұлғау, түзелу, таспаны арқадан алу (4 рет). 4. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).</p> |
|---|--|---|--|--|

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:14:15-14:40

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|--|
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</p> | <p>Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Қысқа дайындық (ертегі) ҮІӨ мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету. Дағды: Дыбыстарды түріне</p> | <p>Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау) Сағи Жиенбаев ҮІӨ мақсаты: Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Дағды: Өлең мазмұны</p> | <p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Командалық эстафеталар (таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Дағды: Жаттығуларды уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай</p> | <p>Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. [o] ҮІӨ міндеті: дыбыстық талдауды меңгеруді жалғастыру. Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз</p> | <p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Командалық эстафеталар (таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Дағды: Жаттығуларды</p> |
|---|--|---|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | <p>қарай ажырата алу дағдыларын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: сұрақтарға жауап береді, әңгіме мазмұнын айтады;</p> <p>Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, еңбексіз зейнет жоқ екенін;</p> <p>Қолданады: бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу: Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта»</p> <p>Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет.</p> | <p>бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды;</p> <p>Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді;</p> <p>Қолданады: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Сергіту сәті: Қар борайды оң жақтан, Қар борайды сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. <i>Балалар қимылмен орындайды.</i></p> | <p>отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру, басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру.</p> <p>Түсінеді: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін»</p> | <p>құрайды.</p> <p>Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.</p> <p>Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Түсіну: Дыбыстармен жұмыс.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»</p> <p>Мысалы: <i>л, о, г, н, е, и, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</i> оқушыларға дыбыстарды айтып, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.</p> <p>«О дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы</p> <p>Балаларға «о» дыбысы басында, ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды.</p> <p>Мысалы: орман, ор, Орал, Отырар т.б.</p> <p>«О» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: оймақ, ор, отар, ойлау, т.б.</p> <p>«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.</p> | <p>уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру, басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру.</p> <p>Түсінеді: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін»</p> |
|--|--|---|--|---|---|

Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б.

1 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Сүйкімді бақалар»

Басты мақсат: Топпен қарым-қатынасты нығайту, баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.

Тіл гимнастикасы

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

Ойын: «Сүйкімді бақалар» қимылды ойыны

Мақсаты: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету. Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Балалар өзен жағасында тұрып тәрбиешінің бақалар туралы айтқанын мұқият тыңдайды. (қайда тұрады, немен қоректенеді, суға түсіп жүзуі туралы, қандай түсті болатынын, және бақаларды кім жейтінін сұрайды). Балалар өзен жағасында серкіріп ойнап, ән салып жүреді. Ал тырна ұшып келгенде барлық бақалар өзенге скіріп үлгеруі керек.

Керекті құралдар: Балалар санына қарай бақалардың бетперделерін жасау. Тәрбиешіге тырнаның бетпердесін жасау. Көк матаны өзен қылып ортаға жайу.



| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | <p>Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Ойнайық та ойлайық ҮІӨ мақсаты: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту. Меңгерген сөздерді ауызкей сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақтіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дағды: ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беругемашықтандыру және қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылантыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. Түсінеді: ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді. Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> | <p>Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау.[о] ҮІӨ міндеті: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Дыбыстармен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?» Мысалы: <i>л, о, г, н, е, ы, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</i> оқушыларға дыбыстарды айтып, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; дауыссыз дыбыстарға</p> | <p>Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Неше? Санау ҮІӨ мақсаты: сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. . Дағды: Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді. Түсінеді: сұрақтарды түсінеді. Қолданады: санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> | <p>Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау) Сағи Жиенбаев ҮІӨ мақсаты: Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Дағды: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Сергіту сәті: Қар борайды оң жақтан, Қар борайды сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. <i>Балалар қимылмен орындайды.</i></p> | <p>Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, таным-дық әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. (С) ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. <i>«Күрекше»</i> – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. <i>«Ине»</i> – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. <i>«Төбешік»</i> – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. <i>«Түтікше»</i> – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?» Мысалы: <i>б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ы, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</i> Педагог</p> |
|--|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | <p>көк текшені көтеру арқылы ажыратады. «О дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы Балаларға «о» дыбысы басында, ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: орман, ор, Орал, Отырар т.б. «О» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: оймақ, ор, отар, ойлау, т.б. «Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны –Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. <i>Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б.</i></p> | | | <p>дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. Білу: «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б. «Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны –Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. <i>Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б.</i></p> |
|--|--|--|--|--|--|



2 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

| | | |
|--|--|--|
| <p>Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған Кім қалай дыбыстайды? (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, аааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.</p> | <p>Дикциялық жаттығу Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жағтамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сең келеді, Сегіз серке тең келеді.</p>  | <p>Ойын: “Табан балық және шортан” Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді. Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.</p>  |
|--|--|--|

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 15:25-15:50

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| | <p>Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жаяу жүргіншілер ережесі ҮІӨ мақсаты: (балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру. Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң</p> | <p>Математика негіздері— танымдық, ойын әрекеттері Тақырыбы: Биік – аласа, жуан-жеңішке ҮІӨ мақсаты: Үлгіден ұзынырақ (қысқарак), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым</p> | <p>Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Менің мекен – жайым. ҮІӨ мақсаты: тақырып бойынша жан-жақты мәлімет бере отырып, түсіндіру; Дағды: Оқушылардың сөздік қорын, ойлау өрісін дамыту. Шығармашылық</p> | <p>Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Егеменді елім ҮІӨ мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Дағды: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын</p> | <p>Сурет салу Тақырыбы : Құмыра (акварел бояу) ҮІӨ мақсаты: Бөлме гүлдерімен таныстыру , гүлге арналған вазаны әшекейлеу Күтілетін нәтиже: Суретті сала білу, ұқыптылыққа, тазалыққа бейім болу. Әдіс-тәсілдері: көрсету, сұрақ жауап «Ойлап тап!»</p> |
|--|---|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|--|
| | <p>сақтауға, жолда зейінді болу дағдыларын бойына сіңіру. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу.</p> <p>Дағды: Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге дағдыландыру.</p> <p>Күтілген нәтиже:</p> <p>Біледі: Жол ережесін сақтауды, көше әртібін бұзбауды білді</p> <p>Игерді: әр Жолда кездесетін жол белгілері нені білдіретінін, жол белгілеріне мұқият назар аудару керектігін түсінеді.</p> <p>Меңгерді: Жол тәртібін сақтау, жолдан абайлап өту керектігін меңгерді</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> | <p>тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>Дағды: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Меңгереді: заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;</p> <p>Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;</p> <p>Меңгереді: ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.</p> <p>Түсіну: Ойын жаттығуы:</p> <p>«Кім биік, аласа немесе тең» - Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.</p> <p>Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс</p> <p>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең</p> | <p>ойлау қабілеттерін дамытуға дербес жұмыс жасауға үйрету. Өз ойын тез әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру.</p> <p>- Есту қабілеттерін дамыту</p> <p>Оқушының тіліне артик уляциялық жаттығулар жасау арқылы сөйлеу тілін дамыту</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: өздерінің тұратын жерлеріндегі ғимарат, т.б жерлерін бірнеше түрін атап көрсетеді.</p> <p>Түсінеді: олардың қандай заттардан жасалатынын түсінеді.</p> <p>Қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында <i>салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады</i></p> | <p>әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту арқылы дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды.</p> <p>Түсінеді: әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.</p> <p>Қолданады: үйренген би қимылдарын әуенге ілесіп отырып қолданады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өндеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру.</p> <p>Білу: Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды. ?</p> | <p>Ойын: «Ішінде, сыртында»</p> |
|--|--|---|---|---|--|

төмен?
 Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.
 Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз?
 Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.

Математикалық поэзия сәтінен:
 Біз қол соғамыз,
 Қол соғамыз.
 Аяқпен еденді топылдатамыз.
 Тіземізді соққылаймыз.
 Қолымызды көтереміз.
 Қолдарымыз айналады,
 Төмен түседі.
 Айналады, айналады.
 Тоқтайды.

3 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары





Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»

Мақсаты: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.

Ойынның шарты: Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліндер деп ұсынған жақсы болады.

Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын



үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты 16:00-16:25

Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Күшті, батыл және үлкен боламын!
ҮІӨ мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту
Дағды: Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; шұңқырға секіру: 30 см биік орындықтан секіруді; заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектеуді; екі минут баяу қарқынмен жүгіруді.
Түсінеді: оң және сол қолмен алысқа қалай лақтыру керектігін; баяу қарқынмен жүгіру кезінде қозғалыс қарқынын қалай сақтап жүгіру және аяқты

Музыка-шығармашылық әрекет
Тақырыбы: Егеменді елім
ҮІӨ мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.
Дағды: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту арқылы дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды.
Түсінеді: әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.
Қолданады: үйренген би қимылдарын әуенге ілес отырып қолданады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Қолдану: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер).

Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет
Тақырыбы: Қысқа дайындық (ертегі)
ҮІӨ мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.
Дағды: Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: сұрақтарға жауап береді, әңгіме мазмұнын айтады;
Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, еңбексіз зейнет жоқ екенін;
Қолданады: бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
Білу: Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта»
Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет.

Математика негіздері–танымдық, ойын әрекеттері
Тақырыбы: Ұзындық.
ҮІӨ мақсаты: ұзындық - заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:
Дағды: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; **қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; **қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды дағдыландыру.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Математика негіздері–танымдық, ойын әрекеттері
Тақырыбы: Ұзындық.
ҮІӨ мақсаты: ұзындық - заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:
Дағды: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;
қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды дағдыландыру.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | <p>өкшеден аяқтың ұшына қарайқалай басып жүгіру керектігін.</p> <p>Қолданады: қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын).</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p> <p>Қолдану: Көзге арналған гимнастика.</p> <p>Жаттығуларды ретімен орындайды. Көздерді оңға-солға, солдан оңға қарай қозғалту;</p> <p>Көз қарашығын көкке одан төменге қарату; Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;</p> <p>Тез арада көзді ашып-жұму;</p> <p>Көздерді сол жақ астыңғы бұрыштан оң жақ үстіңгі бұрышқа қарату. Дәл солай, бірақ ендікерісінше жасау.</p> <p>Әрбір жаттығуды кемінде 6 рет қайталау қажет.</p> | <p>Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру.</p> <p>Білу: Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді.</p> <p>Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді.</p> <p>Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды</p> | | | |
|--|---|---|--|--|--|

Балалардың дербес іс-әрекеті

Көз ауруларының алдын алу, көз бұлшық еттерін белсендендіріп, жақсарту жаттығулары.

| | |
|---|--|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. Болам десең көреген, Көзді айналдыр, ерінбе! 2. Болам десең көреген, Уқалап қой көзді де! 3. Болам десең көреген, Көзінді аздап басып көр! 4. Үлкен шеңбер саламыз, Төңіректі қарап аламыз! 5. Көзді оңға бұрамыз, Көзді солға бұрамыз. Жоғары-төмен қозғалтып, Қайталап қайта бұрамыз! 6. Жыпылықтат көзінді, Дамылдасын көз енді! 7. Ашық болсын көздерің, Тамашалап көр бірін! 8. Үшбұрыштар саламыз, Текше, шеңбер саламыз, Көзбен сала аламыз! | <ol style="list-style-type: none"> 1. 2-3 секунд көздерін айналдырып қимылдатады. 2. Көздерін жұмбай көз үсті мен астын абайлап бір минут уқалау. 3. Әр қолдарының үш саусағымен көздерінің үстінақырындап 1-2 секунд басып тұру. 4. Көздерімен және тілін шығарып, бір мезетте жан-жаққа айналдырып, қимылдар жасау. 5. Көздерін жоғары көтеру, көздерін төмен түсіру, оңға қарап бұру, солға қарап бұру. 6. 1 минут тез-тез оңға, сосын солға қарап жыпылықтату. 7. Көздерін 30 секундтан бақырайтып ашып, қайта жұмып қайталау. 8. Көздерімен геометриялық фигураларды әуеде, қиялында салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш), алдымен сағат тілімен жүргізіп, сосын сағат тіліне қарсы жүргізіп салу. |
|---|--|

Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету

| | | | | | |
|---------------------------------|--|--|--|--|--|
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> |
|---------------------------------|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|
| <p>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!»</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №3 Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Қимылды ойын: «Ұстап ал» Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. Еңбек: қарды күреу. Жеке жұмыс : қарды жұмырлап, қатты қысу. Мақал: Сыртта «тау» болып жатса, Үйде су болып тұрады. Далада қар болса, Қамбада астық болады. Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады.</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №4 Қар жауып тұрған көріністі бақылау Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсаты: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашыл әңгіме құрастыру.</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №5 Қысқы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №6 Қыстың негізгі белгілерін бақылау Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.. Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанап білуге жаттықтыру. Жорамал: Түтін будақтап шықса, аяз болады.</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №7 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз киыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздағты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын: «Ортаға түспек» Мақсаты : тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек : қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс : шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады.</p> |
|--|---|---|---|---|---|

Балаларды үйге қайтару. Уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|--|--|--|
| <p>Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу.</p> <p>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?</p> <p>Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,</p> <p>Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)</p> <p>Еңбек : құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.</p> <p>Мақсаты : қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын : «Ақ қоян»</p> <p>Мақсаты : балаларды ептілікке баулу.</p> <p>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.</p> <p>Мақал: Жемберсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда.</p> | <p>туралы білімдерін анықтап, толықтыру.</p> <p>Сұрақтар: Көшедегі үйлер қандай? Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме? Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек?</p> <p>Көркем сөз: Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты, Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан. Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа.</p> <p>Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны.</p> <p>Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту.</p> <p>Мақсаты: күреппен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанап білу.</p> <p>Жұмбақтар: Менің үш көзім бар, Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді, Бір көзім «абайла» дейді, «Қарап ал маңдайға!» - дейді (Бағдаршам)</p> | <p>айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.</p> <p>Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады.</p> <p>Қимылды ойын: «Суыққойлар»</p> <p>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.</p> <p>Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы)</p> <p>Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.</p> <p>Жұмбақ: Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады.</p> | <p>көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.</p> <p>Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып.</p> <p>Қимылды ойын: «Айлакер түлкі»</p> <p>Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.</p> <p>Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.</p> <p>Мақсаты: күреппен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.</p> <p>Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады.</p> <p>Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)</p> | <p>толықтыру.</p> <p>Сұрақтар: Көшедегі үйлер қандай? Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме? Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек? Көркем сөз: Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты, Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан. Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа.</p> <p>Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны.</p> <p>Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту.</p> <p>Мақсаты: күреппен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанап білу.</p> <p>Жұмбақтар: Менің үш көзім бар, Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді, Бір көзім «абайла» дейді, «Қарап ал маңдайға!» - дейді (Бағдаршам)</p> |
|--|--|---|---|---|

Балаларды үйге қайтару. Уақыты:

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|
| <p>«Сау бол, мектеп!»</p> <p>Ата-аналар мен әңгімелесу.</p> <p>Балаларды үйге қайтару.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> |
|---|--|--|---|---|---|

Мектепалды даярлық МАД сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Көсембай негізгі мектебі

Топ: Мектепалды даярлық






Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.12 – 22.12. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 19.12 | Сейсенбі 20.12 | Сәрсенбі 21.12 | Бейсенбі 22.12 | Жұма 23.12 |
|---|--|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау 13:30-13:40 | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | <p>Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);</p> <p>Сәйкестендіру ойыны:</p> <p>«Ақшақар»</p> <p>Мақсаты: Сөйлеу тынысын дамыту, бірқалыпты және ұзақ дем шығара білуді (ауаны ауызға толтырмай) қалыптастыру.</p> <p>Қажетті құралдар: Мақтаның бірнеше бос түйіршіктері.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші мақтаның бөлігін көрсетіп, айтады «Далада қар жауып тұр. Келіндер, топта қар жаудырамыз» Содан соң баланың алақанына «ақшақарды» салады және қалай үрлеу керек екенін көрсетеді. Сосын бала үрлейді. Жаттығу 2-3 рет орындалады.</p> <p>Ақша қар, Ақша қар Аппак болып қонасың. Тоса қалсам қолымды, Алақаныма қонасың.</p> | <p>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет</p> <p>Үстел үсті театр ойыны:</p> <p>«Менің мекенім, менің отбасым»</p> <p>Мақсаты: Балалардың үй және дала жануарлары туралы білімдерін бекіту</p> <p>Жануарлар мен олардың төлдері туралы, олар мекендейтін жерлері туралы білімдерін нығайту.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар:</p> <p>Ойынның ережелері. Жануарлар отбасын біріктіріп, олардың «үйін» атау.</p> <p>Ойын барысы: Балаларға жануарлардың суреті бар үлкен карточкалар және олардың кішкентай төлдері бейнеленген шағын карточкалар беріледі. Барлық үлкен карточкалар араластырылады да, «Анның балаларына» өзінің отбасын тауып, «ата-анасын» не екенін және «үйі» қайда екенін айту тапсырылады. Қоян-көжек; қасқыр-шулан-бөлтiрiк; түлкі-түлкішек-жаутан; кірпі-ұрғашы кірпі-кірпінің баласы; аю-кірекей-қонжық; тиін-ұрғашы тиін-тиіннің баласы; тышқан мен балалары. Ат-байтал-құлын; қой-саулық қой-қозы; ешкі-теке-лақ; бұқа-сиыр-бұзау; шошқа – торай; қораз-тауық-балапан; ит-көндек-күшік.</p> <p>Ықтимал күрделендіру:</p> | <p>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын).</p> <p>Ойын: «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттеріне іс-қимыл арқылы көрсету»</p> <p>Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар:</p> <p>Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып, іс-қимыл арқылы көрсетіп берулері керек.</p> | <p>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Мазайка үстел үсті ойындары:</p> <p>«Не артық?»</p> <p>Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар:</p> <p>Ойын барысы: Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.</p> | <p>Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті</p> <p>Үстел үсті ойындары:</p> <p>«Қоян, Құлыншақ»</p> <p>Есте сақтау қабілетін арттыру.</p> <p>Мақсаты: Балалардың байқампаздық қабілетін, дамыту. Қоянның сүйікті асының суретін сәкесдендіру. Құлыншақ-тың суретіне қою.</p> <p>Әдістемелік нұсқаулар:</p> <p>Тәрбиеші: – Балалар алдарындағы үстелдерді әр түрлі суреттер берілген. Қандай суреттер – күшік, қоян, құлыншақ. Бұларды білеміз ба? Қайсысын жақсы көресіңдер сол үстелге отыра қойыңдар.</p> |



| | | | | | |
|-----------------------|---|--|---|--|---|
| |  | <p>Жабайы және үй жануарларын аты мен төлдерінің аттарымен атап айту ұсынылады берілген сызбаны арқылы сәйкестендіреді.</p> <p>Ойынның нұсқаулары: Жабайы және үй жануарларын ажыратқан соң, олардың пайдасы мен зиянды жақтарын айтып кету.</p>  |  |  |  |
| <p>Жаттығу</p> | <p>№1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 Жиынтық Орындықта жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.қ.: орындыққа отыру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен түсірілген. Қолды жанына көтеру, қолды төмен түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.қ.: орындыққа отыру, түзу қойылған аяқтар сәл алшақтатылған, қол белде. Еңкейіп, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, бастапқы қылыпқа қайту (4 рет). 3. Б.қ.: орындықтың артына тұру, өкше түйістірілген, қол орындықтың арқалығында. Отыру, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).</p> | <p>№2 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2 Жиынтық Орындықта жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.қ.: орындыққа отыру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен түсірілген. Қолды жанына көтеру, төмен түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.қ.: орындыққа отыру, аяқ иықтың қатарында, қол белде, Оңға (солға) еңкею, бастапқы қалыпқа қайту. 3. Б.қ.: орындықтың артына тұру, өкше түйістірілген, қол орындықтың арқалығында. Отыру, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 4. Б.қ.: орындықтың жанына тұру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен жіберілген. Аздаған үзіліспен кезектестіріп, орындықты айналып, түрлі бағытта екі аяқтап секіру.</p> | <p>№1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 Жиынтық Таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жоғары көтеру, ары-бері бұлғау, төмен түсіру (4-5 рет). 2. Б.қ.: сондай, таспалар иық тұсындағы екі қолда. Отыру, таяқшаны еденге ұру, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Таспаларды жоғары көтеріп, оңға (солға) тербеп, төмен</p> | <p>№ 2 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2 Жиынтық Таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жоғары көтеру, бұлғау, төмен түсіру (4-5 рет). 2. Б.қ.: тұру, аяқты алшақтату, қолды төмен түсіру, таспа бір қолда. Бір қолды, сосын екінші қолды айналдыра қозғалту (6-8 рет). 3. Б.қ.: отыру, аяқ бірге, таспаның ұшынан екі қолмен ұстау. Алға еңкею, тізені бүкпеуге тырысып,</p> | <p>№5 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №3 Жиынтық Таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. Б.қ.: тұру, таспаның бір ұшынан ұстау. Таспаны алға және артқа бұлғау. Таспаны бірнеше рет (4-6 рет) бұлғаған соң, таспаны екінші қолға ауыстырып, жаттығуды қайталау. 2. Б.қ.: отыру, аяқ бірге, таспаның бір ұшынан екі қолмен ұстау. Алға еңкею. Таспаны аяқтың ұшына қою, мұғалімнің белгісі бойынша түзелу, қолдарды жоғары көтеру, оларға</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | <p>қайту (5 рет). 4. Б.к.:орындықтың жанына тұру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен түсірілген. Бір орында жүрумен кезектестіріп, орындықты айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).</p> | | <p>түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 4. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, бір орында екі аяқтап секіру (2 рет).</p> | <p>таспаларды аяқтың ұшына қою, мұғалімнің белгісі бойынша түзелу және қолды жоғары көтеру. Алға еңкею, таспаны екі қолмен алып, түзеліп бәріне көрсету (4-6 рет).</p> | <p>қарау. Мұғалімнің белгісі бойынша алға еңкею, таспаны алу (3-4 рет). 3. Б.к.: шалқасынан жату, кеуде тұсына созылған қолмен таспаның бір ұшынан ұстау. Екі аяқты бір мезгілде таспаға дейін көтеру, төмен түсіру, аяқты түзу және бүгілген түрде көтере беруге болады (3-4 рет). 4. Б.к.: тізерлеп тұру, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жоғары көтеру, оңға (солға) тербету, төмен түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 5. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, таспалар төмен түсірілген қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).</p> |
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | <p>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет</p> | | | | |
| <p><i>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты</i></p> | | | | | |
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p> | | | | | |
| <p>1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14:15- 14:40</p> | | | | | |
| | | <p>Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Мысық, әтеш және түлкі (қазақ халық ертегісі) саханалау. ҮІӨ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы</p> | <p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Отбасымызбен бірге жаттығамыз ҮІӨ мақсаты: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді денсапасын дамыту. Әртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Дағды: Сапқа қайта тұруды уақытқа</p> | <p>Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, таным -дық әрекет Тақырыбы: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. ҮІӨ мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту. Дағды: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: буын санына</p> | <p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Отбасымызбен бірге жаттығамыз ҮІӨ мақсаты: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді денсапасын дамыту. Әртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Дағды: Сапқа қайта</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|---|
| | | <p>түсініктерін кеңейту. Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.:</p> | <p>мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруді. Түсінеді: сапқа қайта тұруды, уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру; биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін. Қолданады: жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» (5 рет). Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің</p> | <p>қарай сөздерді ажыратады Түсінеді: буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шак, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б. Түсіну: «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (<i>Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады</i>) –Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</i> -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>балық, батпақ,</i></p> | <p>тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруді. Түсінеді: сапқа қайта тұруды, уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру; биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін. Қолданады: жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» (5 рет). Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін</p> |
|--|--|--|---|---|---|

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | | | көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. | <i>бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байгазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.</i> -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</i> | жұмады.Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. |
|--|--|--|---|---|--|

1 үзіліс -

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Аңшы мен қояндар»

Басты мақсат: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Алғашқы қар
Жалықтырып мал-жанды,
Тынған кезі жауынның.
Жапалақтап қар жауды,
Көбігіндей сабынның.
Жаз өткесін қайырлы,
Алмақ болып тынығып,
Көпіртіп ақ сабынды,
Жатыр дала жуынып.
Қ. Баянбай

Қыс
Қыс келді, қыс иықтап,
Қалды аюлар ұйықтап.
Қыс келді, қыс мұз-қарлы,
Қыраулы да,ызғарлы.
Қ.Мырзағалиев



Ойын:«Аңшы мен қояндар»
Мақсаты: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты: Аңшыны балалардың арасынан сайлайды. Қалған балалар – қояндар. Залдың бір жағында аңшының орны, екінші жағында – қояндардың ізін аңдиды, содан кейін орнына қайтып оралады. Қояндардың ізін аңдиды, содан кейін орнына қайтып оралады. Қояндар бұтаның арасынан шығып, әртүрлі бағытқа қарай қос аяқтап секіреді (оң, сол аяқпен). «Аңшы» деген белгі берілген кезде – қояндар үйлеріне қашып кіреді. Ал, аңшы оларға доп лақтырады (қолында 2-3 доп болады). Доп тиген балаларды өз үйіне алып кетеді. Аңшы аңға шыққан сайын ауысып отырады (бірақ қолға түскендерден сайланбайды).

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 14:50-14:15:15

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | | Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,таным-дық әрекет Тақырыбы: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. ҮІӨ мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды | Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Апта күндері. ҮІӨ мақсаты: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. | Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Мысық, әтеш және түлкі (қазақ халық ертегісі) саханалау. | Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау (т) ҮІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге |
|--|--|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| | | <p>ретімен атай білу дағдыларын бекіту. Дағды: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: буын санына қарай сөздерді ажыратады Түсінеді: буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б. Түсіну: «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы <i>(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)</i> –Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</i> -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай,</i></p> | <p>Дағды: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дұрыс айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: апта күндерінің қазақша айтады. Түсінеді: қойылған сұрақты түсінеді. Қолданады: апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «Апта күндері». Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі. Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү- дүй-сенбі. Ә-ә-ә- сәер-сенбі. Ұ-ұ-ұ- жұ-ма.</p> | <p>ҮІӨ мақсаты: Ертегінің мазмұндауда балалардың кабилеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегінің сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> | <p>дыбыстық талдау жасауды бекіту. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту. Дағды: Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. <i>«Күрекше»</i> – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. <i>«Ине»</i> – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. <i>«Төбешік»</i> – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. <i>«Түтікше»</i> – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрленгендей үрлеу. Түсіну: Дидактикалық</p> |
|--|--|---|--|--|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | | байлық, базар, Базаргул, балшық т.б. -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б. | | | ойын: «Дұрыс көрсет» Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мысалы: <i>й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.</i> Педагог балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жіңішке дауысты дыбыстарға қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті белгілерді көрсетеді. Мысалы: <i>а, о, ұ, ы, ә, ө, е, э, і, у, и, ү, у.</i> |
|--|--|--|--|--|---|

2 үзіліс –

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Ойын: «Сыпайы сөздер дүкені»

Мақсаты: белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.

Шарты: Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.

Жағдаят: Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі асқа дейін күтуің керек деді. Сен анаңнан оны қалай сұрайсың?



Ойын: «Құпия заттар»

Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Шарты: Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 15.25-15:50

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | | <p>Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Тақырыбы: Апта күндері. 1-7 сандары ҮІӨ мақсаты: Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; қолданады: жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Дүйсенбі күні күн ашық болды. Сәрсенбі күні қатты жел соқты. Бейсенбі күні күн бұлтты болды. Сенбіде найзағай ойнады. Жексенбіде жаңбыр жауды.</p> | <p>Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Боран қай кезде соғады? Қар тоқтату жұмысы ҮІӨ мақсаты: Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Дағды: Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді атап бере алады. Түсінеді: қыстағы табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсінеді. Қолданады: зерттеушілік дағдысын пайдаланады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Зерттеу жұмысы: Қыстың белгілерін атап көрсетеді: Күн суытады. Жерде қалың қар жатады. Топырақ тоңдайды. Су тоғандары на мұз катады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Қараңғы ерте түседі. Құстар азайып кетеді. Жәндіктер де жоғалып кетті. Өсімдіктер қалың ұйқыда. Кейбір жануарлар түсін өзгертеді. Білу: Тәжірибе жұмысы: «Қардың</p> | <p>Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Орманда серуендейміз. ҮІӨ мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Дағды: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Күтілетін нәтиже: Жасайды: аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды. Түсінеді: ән айту дағдыларын. Қолданады: би қимылдарын және ырғақты, мөнерлі қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу</p> | <p>Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Тақырыбы: Қоңырау ҮІӨ міндеті: кеңістікте орналастыра білуге үйрету; баланың ой-қиялын дамыту; қол, саусақ қимылдарын жетілдіру; Дағды: қол, саусақ қимылдарын арттыру; Күтілетін нәтиже: Жасайды: түрлі түсті қағазды қатпарлап бүктейді; Түсінеді: қоңыраудың түсін ажыратып, дыбысын ажыратады. Қолданады: қоңырауды түрлі түсті қағаздан қию тәсілін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: бүктеп қию әдісі.</p> |
|--|--|---|--|---|---|

| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| | | | <p>қасиеттері» Қардан түрлі заттар, пішіндер жасайды. Қар үгілгіш (бірікпейді). Жылынып, аздап ереді, қар жабысқақ болды. Қар ақ түсті. Бірақ оны бояуға болады! Қарға су құйса еріп кетеді. Қарды түтікшеден өткізуге болмайды.</p> | |
|--|--|--|---|--|

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары



Ойын: «Достық көмек»

Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 16.00-16:25


| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| | <p>Музыка- шығармашылық әрекет Тақырыбы: Орманда серуендейміз. ҮІӨ мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Дағды: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Күтілетін нәтиже: Жасайды: аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды. Түсінеді: ән айту дағдыларын. Қолданады: би қимылдарын</p> | <p>Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекеті Тақырыбы: Қыс ҮІӨ мақсаты: Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Дағды: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: шығармашылық әңгіме құрайды, қыс мезгілінің ойындарын бөледі; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді, қардың қандай</p> | <p>Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Тақырыбы: 1-7 сандары. Апта күндері ҮІӨ мақсаты: уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; реттік және есептік санау дағдыларын жетілдіру; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрену, -заттардың қасиетін, белгісін айқындау және</p> | <p>Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Тақырыбы: 8 саны мен цифры ҮІӨ мақсаты: цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Дағды: Математикалық түсініктерін, ой өрістерін кеңейту. Күтілетін нәтиже:</p> |
|--|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | | және ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу | болатынын ; Қолданады: сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «Қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? Ал дауыссыз дыбысты ше? Қолдану: Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?» Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қаймезгілде ойнайтынын айту. | оларды топтастыруды біледі. Дағды: зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. | Жасайды: 8 санын бастырып жазады және 8 санының құрамын табады. Қолданады: 8 санын санай отырып, дәптерге жазады. Дағды: зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. |
|--|--|---|--|---|--|

4 үзіліс –

Балалардың дербес іс-әрекеті


Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|
|  | | <p>Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру;</p> <p>Ойын: «Жапалақтар мен қарлығаштар» Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасұшыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар, екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар (үзіліс) - лы - ғаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады. Ойын тәртібі: қашушылар мен ұстаушылар алдын ала келісілген белгі бойынша ұсталғанын мойындайды. Ол үшін қашушы ойыншы қолын тигізсе болды. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай шешеді.</p> | | | |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет (Ауа-райын бақылау) | Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбекәрекеті (Математикалық планшетпен жұмыс) | Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет «Сыйластық» туралы әңгімелесу. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік | Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Жақсы мен жаман туралы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | | | | ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | |
| | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету | | | | |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| «Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №12 Қырауды бақылау. Мақсаты : балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Қимылды ойын: «Суыққойлар» Мақсаты : қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек : бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс : тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ: Қанат сияқты ақ, Ұлапа боп жерде жатады.</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №13 Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын : «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №14 Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Қимылды ойын : «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсаты: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №15 Қыстың негізгі белгілерін бақылау Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанап білуге жаттықтыру. Жорамал: Түтін будақтап шықса, аяз болады.</p> | <p>Желтоқсан Серуен-Бақылау №16 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғауауыну. Қар ұшқыны алты канаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлғта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз киыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сойтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздағты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын: «Ортаға түспек» Мақсаты : тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек : қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс : шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | | | | | Тісі жоқ, тістеп алады. |
| Балаларды үйге қайтару. Уақыты: | | | | | |
| «Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әнгімелесу. Балаларды үйге қайтару. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | <i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйреге беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйреге беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

Мектепалды даярлық МАД сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін: 

Білім беру ұйымы: Көсембай негізгі мектебі

Топ: Мектепалды даярлық 0 сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 – 29.12. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 25.01 | Сейсенбі 26.01 | Сәрсенбі 27.01 | Бейсенбі 28.01 |
|---|---|--|--|---|
| Балаларды қабылдау 13.30-13:40 | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | |
| | Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); «Ұқсас суретті тап» ойыны Мақсаты: Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. Ойынның барысы: Тәрбиешінің алдында қос-қостан бірнеше суреттер болады. Олар: екі шырша, екі қайық, екі жапырақ т.с.с. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп, осыған ұқсас геометриялық пішіндерді | Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны: «Неден жасалған?» Мақсаты: Балаларды заттардың жасалған материалдары (темір, резина, әйнек, ағаш, пластмасса) бойынша топтастыра білуге үйрету; балалардың сөздіктерін белсендіру; байқағыштықтарын, зейінін, ойын ережесін орындай білу іскерлігін тәрбиелеу. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын ережесі: Заттарды өз материалынан жасалған үйлестіріп жинау. | Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын) Ойын: «Спорт-лото» Мақсаты: Балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойынның барысы: Балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып тапса, сол жеңіске жетеді. | Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мазайка үстел үсті ойындары: «Жұп суреттер» Мақсаты: Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әр түрлі, бірдей. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын ережесі: Бірдей картинкаларды жинау. Кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: Бірдей картинкаларды іздеу. Ойынның барысы: Балалар картинкалар орналастырылған үстелдің басында отырады. Картинкалар өте көп (10-12), әр түрлі, бірақ олардың арасында екі ұқсасы бар. Тәрбиеші балалардың біреуінен бірдей картинканы тауып, атын атап, |

қораптан таңдап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін түр-түсін сипаттап әңгімелеп береді.



Ойын әрекеттері: Заттарды сипау, суреттеу арқылы табу; әр түрлі материалдардан жасалған заттарды іздеу; оларды сапасы бойынша топтастыру;





оны басқаларға көрсетуді сұрайды. Жұп картинкаларды бір жаққа жинай береді. Содан кейін тәрбиеші барлық картинканы араластырады да (олар аударылып тұру керек), балаларға білдірмей тағы бір жұп картинканы қосады. Оларды қайтадан дұрыс жағымен қойып, тағыда бірдейлерін табуды ұсынады. Бұл кездегі ойынның күрделілігі мынада, картинкалардың арасында өте ұқсастары болады, бірақ бірдей емес, мысалы: кеселер түсі мен формасы бойынша бірдей, бірақ біреуінде ұстайтыны бар, екіншісінде жоқ, яғни оларда балалар бірден байқамайтын шамалы айырмашылықтары болады. Ойынды біртіндеп күрделендіре отырып, бір жұпты емес бірнеше жұп картинкаларды табуды ұсынуға болады.



тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешу. **Ойынның нұсқаулары:** «Не істей аласың?» деген тақырыпта балалар сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтады.



| | | | | | |
|----------------|--|--|---|---|--|
| | | | | |   |
| Жаттығу | <p>№1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i></p> <p>1. Б.к.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Қолды алға созу, дөңгелекшені алға созылған сол қолға ауыстыру, қолды төмен түсіру (5 рет). 2. Б.к.: аяқсәл алшақтатылған, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Отырып, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды арт жаққа ұстау; отыру, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.к.: тізерлеп тұру, жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшетөмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшені бастан асырып, жоғары, түзу</p> | <p>№2 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i></p> <p>1. Б.к.:өкше түйістірілген, дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, оны сол қолға ауыстыру, төмен түсіру (4 рет). 2. Б.к.: сондй, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, қолды түзу ұстап, дөңгелекшені алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет). 3. Б.к.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң қолда. Оңға (солға) бұрылу, дөңгелекшені оң (сол) аяқтың ұшына қою,бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (</p> | <p>№3 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i></p> <p>1. Б.к.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген оң қолда. Қолды алға түзу созу, дөңгелекшені келесі қолға ауыстырып, қолды түсіру (8 рет). 2. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды артқа ұстау. Отыру, дөңгелекшені алу, бастапқы қалыпқа қайту. 3. Б.к.: жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Түзелу, дөңгелекшені басынан асырып, жоғары, түзу көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет). 4. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелеше еденде. Аздаған үзіліс жасап, дөңгелекшені айналып, екі аяқпен секіру.</p> | <p>№ 4 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i></p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген. дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, сол қолға ауыстыру, төмен түсіру. 2. Б.к.: өкше түйістірілген, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшеніалға созу, қолды түзулеп, бастапқы қалыпқа қайту. 3. Б.к.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң (сол) аяқтың ұшында. Бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен). 4. Б.к.: аяқ сәл алшақтатылған, қолды төмен ұстау, дөңгелекше еденде. Дөңгелекшені айналып, екі аяқпен екі бағытқа секіру.</p> | <p>№5 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 жиынтық <i>Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i></p> <p>1. Б.к.: өкше түйістірілген, беторамал кеуде тұсындағы екі қолда. Қолды алға созып, түзу ұстау – беторамалды көрсету, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.к.: аяқ иықтың қатарында, төмен түсірілген екі қолда беторамал. Еңкею және оңға-солға бұлғау, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет). 3. Б.к.: өкше түйістірілген, беторамал төмен түсірілген екі қолда. Отыру, беторамалды алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 4. Б.к.: беторамалды жоғары көтеру, отыру, беторамалдың артына</p> |

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | көтеру, жүрелеп отыру, қолды төмен түсіру (5 рет). 4. Б.қ.: аяқ бірге қойылған, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | әр жаққа 3 реттен). 4. Б.қ.: аяқ бірге, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | | | жасырыну, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет). 5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқтап секіру (2 рет). |
|--|---|---|--|--|--|

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14:15-14:40

| | | | | | |
|---|---|--|---|---|--|
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</p> | <p>Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Қыс ҮІӨ мақсаты: Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Дағды: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: педагогпен бірге қайталап өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлең мазмұнын, қардың «жапалақтап», «түйіршектеніп» жауатынын; Қолданады: өлең ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуы Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Мақал-мәтелдер 1. Қысына қарай – көктемі,</p> | <p>Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Алтын балта ҮІӨ мақсаты: Халық ауыз әдебиетінің өлмес мұрасы - ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, байлық, сәндіктің баянсыз екенін, ақыл, қайрат, нұрлы жүректің мұқалмас мұрат екенін ұғындыру. Дағды: Бір - бірінің пікірін, ойын тыңдауға, өз бетінше жұмыс жүргізуге үйрету. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты тапсырмалар беріп, жазба тілдерін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады; Түсінеді: әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді; Қолданады: әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан</p> | <p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Отбасылық альбом ҮІӨ мақсаты: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді денсапасын дамыту. Өртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Дағды: Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруді. Түсінеді: сапқа қайта тұруды, уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру; биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін. Қолданады: жаттығуды орындау барысында</p> | <p>Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік? ҮІӨ мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру Дағды: Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. Түсінеді: сөздің дыбыстардан тұратынын. Қолданады: сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> | |
|---|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | <p>Диканына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды жаз ойла. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады.</p> | <p>шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? (Мақта) – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды. Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Күн өтпей жатып</i> – бір күннің ішінде болған оқиға. <i>Шанан</i> – қазақтың ұлттық сырт киімі.</p> | <p>шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» (5 рет). Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады.</p> | | |
|--|--|--|--|--|--|

1 үзіліс -

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Сиқырлы ғажайып орман»

Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Сиқырлы саусақтар.

- 1 Таң қалу (екі қолдың бас бармағын көтеру)
- 2 Өзінді көрсету (Бір саусақпен)
- 3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)
- 4 Қорқыту (сұқ саусақпен)
- 5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру)



Ойын: «Сиқырлы ғажайып орман»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты:

Қазір біз ғажайып орманға толы, жайдарман әрі сиқырлы орманға айналамыз. Екі топқа бөлінеміз: орман-тоғай болып екі қатарға тұрамыз. Біздің қолдарымыз – орманда серуендеп келе жатқан адамды нәзік, абайлап қана сипалайтын ағаштардың бұтақтары болады. Ал енді барлықтарыңызды бір-бірден осы сиқырлы орман ішінен өтуге шақырамыз, ал қалғандарың серуендеуші адамның басынан, қолынан,

| | | |
|--|--|--|
| | | арқасынан сипалап, сиқырлы ағаштар болуға шақырамыз. |
|--|--|--|

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14:50-15:15

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | <p>Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Менің отбасым ҮІӨ мақсаты: Балалардың «Отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, отбасында кімдер тұратынын, отбасы мүшелерінің не істей алатынын айта алуға үйрету.. Дағды: Сурет бойынша сөйлемдер құрап айтуға машықтану. Сөздер мен сөйлемдерді орынды қолдана білуге дағдыландыру, тіл дамыту. Күтілетін нәтиже: Біледі: отбасы мүшелерінің қазақша аттарын. Игереді: сұрақтарға түсініп жауап қайтаруды, сөйлем түрінде сөйлесуді. Меңгереді: өз отбасын құрметтеуді, үлкенді сыйлауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін</p> | <p>Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, таны м-дық әрекет Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз. ҮІӨ мақсаты: өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. Дағды: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады. Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Буындармен жаттығулар: «Буынды қос» дидактикалық</p> | <p>Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Менің отбасым ҮІӨ мақсаты: Балалардың «Отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, отбасында кімдер тұратынын, отбасы мүшелерінің не істей алатынын айта алуға үйрету.. Дағды: Сурет бойынша сөйлемдер құрап айтуға машықтану. Сөздер мен сөйлемдерді орынды қолдана білуге дағдыландыру, тіл дамыту. Күтілетін нәтиже: Біледі: отбасы мүшелерінің қазақша аттарын. Игереді: сұрақтарға түсініп жауап қайтаруды, сөйлем түрінде сөйлесуді. Меңгереді: өз отбасын құрметтеуді, үлкенді сыйлауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Өпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде</p> | <p>Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Алтын балта ҮІӨ мақсаты: Халық ауыз әдебиетінің өлмес мұрасы - ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, байлық, сәндіктің баянсыз екенің, ақыл, қайрат, нұрлы жүректің мұқалмас мұрат екенін ұғындыру. Дағды: Бір - бірінің пікірін, ойын тыңдауға, өз бетінше жұмыс жүргізуге үйрету. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты тапсырмалар беріп, жазба тілдерін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады; Түсінеді: әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді; Қолданады: әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта</p> | |
|--|--|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | <p>атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі. Ә-ә-ә- сээр-сенбі. Ұ-ұ-ұ- жүү-ма.</p> | <p>ойыны (доппен) -Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: (ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. Түсіну: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр- (ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да),да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия). Білу: «Сөзді аяқта»дидактикалық жаттығуы –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы</p> | <p>біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі. Ә-ә-ә- сээр-сенбі. Ұ-ұ-ұ- жүү-ма.</p> | <p>алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? (<i>Мақта</i>) – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды. Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Күн өтпей жатып</i> – бір күннің ішінде болған оқиға. <i>Шанан</i> – қазақтың ұлттық сырт киімі.</p> | |
|--|--|--|---|--|--|

буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.
 Мысалы: аққа...ла,
 ба...ла, ба...нан,
 бан...тик, асқа...бақ,
 сә...біз, домбы...ра,
 қам...шы, балмұз...дақ,
 аялда...ма, дәріха...на,
 емха...на, балабақ...ша,
 бағдар...шам, қа...лам,
 қыза...нақ, бұл...ақ,
 көзілді...рік,
 тоңазыт...қыш,
 тоқыл...дақ, тер...ек,
 ша...тыр, ал...қа,
 апель...син, ау...ыл,
 ас...пан, қарын...дас,
 кер...ует, қа...зан,
 шаныш...қы, ба...лық,
 қал...қан, қаң...бақ,
 қа...мыр, шал...бар,
 кі...лем, жү...рек,
 жүге...рі, жүл...дыз.

2 үзіліс –

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.



Ойын: «Джунглидағы жаңбыр»

Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Нұсқау:

- Бір-біріңіздің сонынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Джунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

- Жел көтеріліп желкіді (арқаны қаттырақ басамыз) .
- Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)
- Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)
- Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).
- Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).
- Тағы да нөсер жауын жауды.
- Ұсақ жаңбыр сіркіреді.
- Дауыл соқты.
- Жел соқты.
- Жел басылып келеді.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 15:25-15:50

Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар.
ҮІӨ мақсаты: Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.
Дағды: Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: құстардың атауларын біледі.
Түсінеді: қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып

Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері
Тақырыбы: 8 саны мен цифры
Мақсаты: 8 саны және цифрымен таныстыру. 8 санын шығарып алу жолы, салыстыру.
Дағды: Сандар қатарындағы орны (тура, кері санау) туралы түсінік беру.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: 8 санын, цифрын жазу.
Түсінеді: – 8 саны қандай сандардан артық?

Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар.
ҮІӨ мақсаты: Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.
Дағды: Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: құстардың атауларын біледі.
Түсінеді: қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы

Музыка- шығармашылық әрекет
Тақырыбы: Қысқы әуен сыңғырлайды.
ҮІӨ міндеті: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.
Дағды: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды.
Түсінеді: музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді.
Қолданады: музыкалық

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.</p> <p>Қолданады: құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар.</p> <p>Алдын ала жұмыс: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу.</p> <p>Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> | <p>Қолданады: Кері санау математикалық жұмбақтар.</p> <p>8 санына есептер шығару</p> <p>«Көршісін тап» ойыны.</p> | <p>айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.</p> <p>Қолданады: құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар.</p> <p>Алдын ала жұмыс: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу.</p> <p>Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> | <p>аспаптарда жеке және топпен ойнайды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Қолдану: Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру.</p> | |
|--|---|--|--|--|--|

**3 үзіліс –
Балалардың дербес іс-әрекеті**

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары






| | | |
|---|--|--|
| <p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Көру – көзбен көру. Тыныс алу – мұрынмен дем алу. Есту – құлақпен есту. Ұстау – қолмен ұстау.</p> <p>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау). Қ-к-к-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз. Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.</p> |  | <p>Ойын: «Патша»</p> <p>Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>Ойынның шарты: Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш-ш-ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш-ш-ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.</p> |
| <p align="center">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 16.00-16:25</p> | | |

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | <p>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын) Тақырыбы: Отбасылық альбом. Мақсаты: 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)</p> | <p>Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Қысқы әуен сыңғырлайды. ҮІӨ міндеті: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Дағды: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Күтілетін нәтиже: Жасайды: музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды. Түсінеді: музыканы қызыға тындап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді. Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Ажарлы қыс. ҮІӨ міндеті: «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. Дағды: Өртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: берілген суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын;Қолданады: айырмашылықтарын табады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек. Түсіну: Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады. Жып-жылтыр боп жатады.</p> | <p>Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Тақырыбы: 8 саны мен цифры Мақсаты: 8 саны және цифрымен таныстыру. 8 санын шығарып алу жолы, салыстыру. Дағды: Сандар қатарындағы орны (тура, кері санау) туралы түсінік беру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: 8 санын, цифрын жазу. Түсінеді: – 8 саны қандай сандардан артық? Қолданады: Кері санау. математикалық жұмбақтар шешеді. 8 санына есептер шығару Дидактикалық ойын: «Көриісін тап»</p> | |
|--|--|---|--|---|--|

4 үзіліс –

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|---|
| <p>Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады. Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б. көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте көп. Бегемоттармен қолтырауындар да бар. Африка, Африка, Ғажайып ел! Африка, Африка, Ыстық ел! Африка, Африка, Тәтті банандар! Өйткені Африкадажыл бойы жаз!</p> <p style="text-align: center;">«Ыстық елдің жануарлары»:</p> <p>Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады). Мот-мот-мот – пайда болды бегемот. (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.) Ке-ке-ке – мойны ұзын керік. (Керік сияқты аспанға созылады). Пі-пі-пі – су шашады піл. (Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқтықимылдайды.) Май-май-май – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген маймылды салады).</p> | | <p>Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.</p> <p>Бетке массаж жасау (уқалау) Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді уқалап, суық тиюдің алдын алу. Шеке, бет, мұрын ұшын уқалайды: саусақтарымен ақырын ұрады. Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 рет жүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді. Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды.</p> | | | |
| | |      | | | |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Қыс мезгілі туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу. | Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Нұрымға пішіндерді салыстыра білуге үйрету Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: Пішіндердің түстерін атайды сипау арқылы сипаттайды. | Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет Айболға сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту. | Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Жақсы мен жаман туралы әңгімелесу. Арнурға сурет бойынша өз ойын айытқызу. |
| Серуенге дайындық | Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| «Табиғат | Желтоқсан | Желтоқсан | Желтоқсан | Желтоқсан | Желтоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|--|--|
| <p>аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!»</p> | <p>Серуен-Бақылау №17 Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау Мақсаты: — Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, — Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады Бұл неткен күшті тазалаушы еді, Үйілген қарды Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина) Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғаш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек шетка айналып тұрады. ♦ Олар неден жасалған? (темір сымдардан) ♦ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) ♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударындар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар) ♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарды, ол қарды алысқа лақтырады) ♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) ♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) Зерттеу жұмысы Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын</p> | <p>Серуен-Бақылау №18 Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. ♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? ♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦ Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦ Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. Мақсаты: -бірлесе жұмыс істеуге үйрету; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты жүккіруге жаттықтыру; — Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру. Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</p> | <p>Серуен-Бақылау №19 Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты: — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. Бақылау барысы Көркем сөз «Ағаштар» М. Әлімбаев <i>Қысында да шырайлы, Жасыл шырша ұнайды. Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал. Тау баурайы төменде, Өседі жас емендер. Ауыл сәні терек, Терек егу керек. Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын. Басқа ағаштен аралас, Жайқалады қарағаш Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай, Көкке бойын созады, Көпке қолын созады.</i> Балаларға сұрақтар: ♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған ♦ Ағаштар не үшін керек? ♦ Ол адамға не береді? ♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады? ♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? ♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады? ♦ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады? Зерттеу жұмысы: Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діндері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. Еңбек Ағаш түптеріне қар ую. Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. Қимылды ойын</p> | <p>Серуен-Бақылау №20 Қарды бақылау Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» К. Жұмағалиев <i>Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ, Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер, Риза зой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай көр. Біз батыл баламыз, Жылы үй, қорамыз. Ақ ұлпа қарыңнан, Аққала соғамыз. Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦ қыс айларын атаңдар? ♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады? ♦ қарқатқақ қалай пайда болады?</p> |
|---|---|---|--|--|

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | <p>салыстыру Еңбек Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру <i>Мақсаты:</i> — Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; — Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар» <i>Мақсаты:</i> — Қозғалыс дағдыларын бекіту; — Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары «Көпірден өт». <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру <i>Халық болжамы: Мұржандан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады</i></p> | | <p>«Аулада қандай ағаштар өседі?». Мақсаты: — Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; — Сөздік қорларын байыту; — Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.</p> | <p>Зерттеу жұмысы Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? Еңбек Сырғанаққа су себу <i>Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.</i> Қимылды ойын «Екі аяз». <i>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.</i> Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?». <i>Мақсаты: белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру.</i> <i>Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.</i></p> | |
|--|--|--|---|---|--|

Балаларды үйге қайтару. Уақыты:

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|---|
| <p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p> | <p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> |
|--|---|---|--|--|---|